

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 « а » сыныбында тәрбие жұмысының жоспары бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 9 «а» сыныбы 2021-2022 оқу жылын 20 оқушымен бастады. Олардың 12-сі ер, 8 –і қыз бала. Оқу жылының басында сыныптың әлеуметтік төлқұжаты, оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Сыныпта ерекше бақылауды қажет ететін оқушылар жоқ.

Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылып, қыркүйек, қазан айларында аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырылды.

Қыркүйек айында жылдық жоспарға сай «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» білім сағаты, «Тілдің мерейі-елдің мерейі», «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-Отбасы», «Мамандыққа бейімділікті анықтау» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сынып оқушыларының жетістіктеріне тоқталып өтетін болсақ:


Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 9 а сыныбынан үш оқушы: Сансызбай Аят құқық негіздері, Қобыланды Альбина қазақ тілі, Абылова Аружан география пәндері бойынша қатысып, жүлделі ІІ орынды иемденді.

Мамыр айында «Шәймерденов - әдеби тұлға» облыстық эссе байқауынан 9 а сыныбынан Өтесбаева С қатысып, Мақтау қағазымен марапатталды.

Сынып оқушыларының спорт саласында да жетістіктері бар. Атап айтқанда, 15-Облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім бееретін мектеп оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы «Алтын доп» баскетбол жарысында ІІ дәрежелі дипломға Қасенов М ие болды.

«Әдептілік- әдемілік», «», ақпан айында «Оқушы өміріндегі отбасының өмірі», «Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түпқазығы» пікіралмасу, «Мейірімділік пен сыпайылық ережелері» (психологпен кездесу), наурыз айында алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту -парызым», «Жыл басы - Наурыз, Мол болсын дәм-тұз» тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Жалпы сынып оқушылары сыныптан тыс шараларға қатысуда белсенділік танытады. Алдағы уақытта тәрбие жоспарына сәйкес бірнеше жұмыстар әлі жүргізіледі және оларды сынып жетекшінің басшылығымен өз мәнінде өткізуге белсене атсалысады.

Сынып жетекшісі  Э.Әбимолдина